

Кеген ауылдық округінің Кеген ауылының көшелерін қайта атау туралы

Алматы облысы Кеген ауданы Кеген ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 4 тамыздағы № 56 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Кеген ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып және 2019 жылғы 8 қазандағы Алматы облысының ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Кеген ауданы Кеген ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Кеген ауылдық округінің келесі көшелері қайта аталсын:

1) Кеген ауылында:

оңтүстік-батысында орналасқан "Аурухана маңы" көшесін "Ыбырайым Қалдыбаев" көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

Р.К.Масенов